

**М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университеті**
ғылыми кеңесінің
№5 ХАТТАМАСЫ
29 қаңтар 2026 ж.

**Западно-Казахстанский
университет им. М.Утемисова**
заседание ученого совета
ПРОТОКОЛ №5
29 января 2026 г.

Өткен орны: 205-мәжіліс залы

Кеңес төрағасы – Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы - А.С. Ниетова

Қатысқандар: ғылыми кеңестің 19 мүшесі

Қатыспағандар: ғылыми кеңестің 2 мүшесі (себепті)

Шақырылғандар: бөлім жетекшілері, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, кафедра меңгерушілері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ғылыми зерттеу жұмыстарының 2025 жылғы қорытындылары туралы есеп. *Қ.М. Ахмеденов - ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор*
2. Ақпараттық технологиялар орталығының жұмысы туралы ақпарат. *А.Н. Қушеккалиев - ақпараттық технологиялар орталығының жетекшісі*
3. Ағымдағы мәселелер
 - 3.1. 2026 жылы магистратураның 1-курсына қабылданған магистранттардың академиялық күнтізбесін бекіту туралы. *Г.С. Қайсағалиева – академиялық мәселелер бойынша проректор*
 - 3.2. Э.ғ.д., доцент Л.И. Мерғалиеваның «Модернизация и диверсификация экономики» атты оқу құралын «Нархоз университеті» КеАҚ жанындағы РОӘК грифін алуға ұсыну туралы. *А.С. Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 3.3. Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), А.Ш. Журсованың «Жоғарғы оқу орнында оқыту әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы РОӘК грифін алуға ұсыну туралы. *А.С. Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 3.4. Магистр А.Н. Абилтаеваның «Неміс тілі (А1 деңгей)» жаппай ашық онлайн курсы Coursera платформасында жариялау үшін Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ жанындағы РОӘК қарауына ұсыну туралы. *А.С. Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 3.5. Философия докторы (PhD) К.Б. Жумашеваның «Тілдегі гендерлік оппозиция: теориялық негіздері, модельдік құрылымдары және когнитивтік репрезентациясы» атты монографиясын баспа ұсыну туралы. *А.С. Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 3.6. 6В04220 «Кұқықтану» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті К.Ж.Заменованы №4 студенттер үйіне тегін орналастыру туралы. *М.Қ. Сүлейменов – тәрбие жұмысы және әлеуметтік*

мәселелер жөніндегі проректор

- 3.7. Университет ғылыми кітапханасының ЖОО кітапханалары қауымдастығына кіруі және жыл сайынғы мүшелік жарна төлеуі туралы. *Т.Е. Алимбекерова – ғылыми кітапхана директоры*
- 3.8. Университет ғылыми кітапханасының «Қазақстандық кітапханалық одақ» заңды тұлғалар бірлестігіне мүшелікке кіруі туралы. *Т.Е. Алимбекерова – ғылыми кітапхана директоры*
- 3.9. 7M01501 «Математика» білім беру бағдарламасына ауысып келген 1-курс магистранты Д.Б. Хамидуллинаға жаңа жетекші тағайындау туралы. *Г.М. Айтенова – математика мен физика мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы жетекшісінің м.а.*

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М.Ахмеденовтің университеттегі ғылыми зерттеу жұмыстарының 2025 жылғы қорытындылары туралы есебі тыңдалды (есеп мәтіні тіркелді).

Кенес төрағасы Н.Х.Серғалиев – Web of Science пен Scopus деректер қорына кіретін журналдарда жарияланған 51 мақала күнтізбелік 2025 жылы жарияланған ба әлде оқу жылында жарияланғаны ма, факультеттер шегінде қанша екені бар ма? Ғылыми стипендияларға тапсырған үміткерлердің өтпей қалу себебі неде? БҚУ хабаршысы журналының барлық бағытын биыл 2-тізімге енгізуге бересіздер ме?

Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Қ.М.Ахмеденов – Web of Science пен Scopus деректер қорына кіретін журналдарда жарияланған 51 мақала толықтай 2025 күнтізбелік жылы жарияланды, факультеттер шегінде бөліп қарамадық. Ғылыми стипендияларда конкурс нәтижесінде жалпы балл көрсетіліп, комиссия шешімімен өткен үміткерлердің тізімі ғана жарияланады, себебі түсіндірілмейді. БҚУ хабаршысы журналының өнертану бағытынан басқасын Комитет ұсынатын 2-тізімге енгізуге тапсырамыз, өнертану бағытын бір жыл шығарғаннан кейін тізімге енгізуге жібереміз.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кенес төрағасы Н.Х.Серғалиев биылғы жоспар бойынша 4 білім беру бағдарламасына докторантураға лицензия алу көзделген еді, біреуіне ғана лицензия алдық, енді бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасына лицензия алуға құжаттарды жүктеудің нақты уақыты мен жауапты тұлғаны белгілеуді және Web of Science пен Scopus деректер қорына кіретін журналдарда жарияланған 51 мақаланың факультеттер шегінде бөлінуін дүйсенбі күнгі лездемеге алып келуді, ғылыми стипендия конкурсына үміткерлердің өте алмау себебін талдап, келесі жылы қатысатын үміткерлерге нақты ұсыныстар беруді, сонымен қатар заңгерлермен және басқарма аппаратының жетекшісімен бірге университет агробиостанциясының атауын онда ешқандай аграрлық жұмыстар жүргізілмейтіндіктен биостанция деп

ресми өзгертуді тапсырып, кеңес мүшелерінің өзгелей алып-қосары болмаса ғылыми зерттеу жұмыстарының 2025 жылғы қорытындылары туралы есепті бекітіп, ғылыми жұмыс пен халықаралық байланыстарды дамытудың 2026 жылға арналған жол картасын айтылған ескертулерді негізге ала отырып дайындауды айтып, қаулы жобасын дауысқа салуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ғылыми зерттеу жұмыстарының 2025 жылғы қорытындылары туралы есеп бекітілсін.
2. Университеттің даму бағдарламасымен сәйкестірілген М.Өтемісов атындағы БҚУ-да ғылыми жұмыс пен халықаралық байланыстарды дамытудың 2026 жылға арналған жол картасы жасалсын.

Жауапты: ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, ғылым және жоо-дан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі, факультет декандары, стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры

Мерзімі: ақпан 2026 жыл

Аяқталу түрі: бекітілген жол картасы

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ақпараттық технологиялар орталығының жетекшісі А.Н. Кушеккалиевтың ақпараттық технологиялар орталығының жұмысы туралы ақпараты тыңдалды (ақпарат мәтіні тіркелді).

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев – биыл 5 чат-бот жасалды олардың қаншалықты тиімді екенін анықтауға бола ма? Биыл жасалған 5 чат-бот пен келесі жылы жасалатын 9 чат-ботты барлығын бір жерге біріктіріп, соның ішінен тармақтап бөлуге бола ма? Makhambet Talarkeg AI чат-ботын талапкерлер біле ме? Тәуекелдерді азайту үшін қызметтік жазбаларды жазуға көмектесетін бот жасауға бола ма? Жасалған ақпараттық қауіпсіздік курсының ішінде қауіпсіздікті қалай сақтау керектігі жөнінде бейне дәрістер бар, сонда нақты берілген.

Ақпараттық технологиялар орталығының жетекшісі А.Н. Кушеккалиев – жасалған чат-боттардың қаншалықты тиімділігін оларға салынған ақшаның қаншалықты жұмсалудың анықтауға болады. Барлық чат-ботты бірге жинақтауды және қызметтік жазбаларды жазуға көмектесетін бот жасауды ойластырайық. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз

Маркетинг және кәсіби бағдар орталығының жетекшісі А.С. Аманбаев - Makhambet Talarkeg AI чат-ботын мектептерге оқушылармен кездесуге барғанда айттық.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев жасанды интеллекттің күнделікті пайдалануға ене бастағанын, бұл бағытта ақпараттық технологиялар орталығы үлкен жұмыстар жасағанын айта келе, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді басшылыққа алып жұмыс жасауды тапсырып, кеңес мүшелерінің өзгелей алып-қосары болмаса ақпаратты негізге алуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, ақпаратты негізге алуды дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Ақпарат негізге алынсын.

Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С.Қайсағалиева ғылыми кеңес мүшелерін ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына сәйкес, 2025 жылдың 12-18 желтоқсаны аралығында өткен кешенді тестілеу нәтижесінде жалпы конкурспен үміткерлерді іріктейтін республикалық конкурстық комиссия қорытындысымен магистратураның 1-курсына мемлекеттік тапсырыс пен ақылы негізде 2026 жылдың 9 қаңтарынан бастап оқуға қабылданған 1-курс магистранттарының академиялық күнтізбесімен таныстырып, олардың факультет декандары, тиісті құрылымдық бөлім жетекшілерімен келісілгеніне тоқтала келе, бекітуді сұрады (академиялық күнтізбе тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

2026 жылы магистратураның 1-курсына оқуға қабылданған білім беру бағдарламаларының академиялық күнтізбесі бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін э.ғ.д., доцент Л.И. Мерғалиеваның 7M04101 «Экономика» білім беру бағдарламасына арналған «Модернизация и диверсификация экономики» атты оқу құралын «Нархоз университеті» КеАҚ жанындағы ҚР ҒЖБМ РОӘК «041 Бизнес және басқару» бағытындағы ОӘБ грифін алуға ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Э.ғ.д., доцент Л.И. Мерғалиеваның «Модернизация и диверсификация экономики» атты оқу құралы «Нархоз университеті» КеАҚ жанындағы ҚР

ҒЖБМ РОӘК «041 Бизнес және басқару» бағытындағы ОӘБ грифін алуға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), А.Ш. Журасованың М031 «Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасы тобына арналған «Жоғарғы оқу орнында оқыту әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы ҚР ҒЖБМ РОӘК «031 Әлеуметтік ғылымдар» бағытындағы ОӘБ грифін алуға ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент), А.Ш. Журасованың «Жоғарғы оқу орнында оқыту әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы ҚР ҒЖБМ РОӘК «031 Әлеуметтік ғылымдар» бағытындағы ОӘБ грифін алуға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін магистр А.Н. Абилтаеваның «Неміс тілі (А1 деңгей)» жаппай ашық онлайн курсы Coursera платформасында жариялау үшін Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ жанындағы ҚР ҒЖБМ РОӘК «017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау», «023 Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағытындағы ОӘБ қарауына ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Магистр А.Н. Абилтаеваның «Неміс тілі (А1 деңгей)» жаппай ашық онлайн курсы Coursera платформасында жариялау үшін Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ жанындағы ҚР ҒЖБМ РОӘК «017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау», «023 Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағытындағы ОӘБ қарауына ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін философия докторы (PhD) К.Б. Жумашеваның «Тілдегі гендерлік оппозиция: теориялық негіздері, модельдік құрылымдары және когнитивтік репрезентациясы» атты монографиясын баспаға ұсыну туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен

өтінішімен таныстырып, құжаттарының талапқа сай ресімделгеніне, сарапшылар комиссиясының оң қорытындысы берілгеніне тоқтала отырып, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Философия докторы (PhD) К.Б. Жумашеваның «Тілдегі гендерлік оппозиция: теориялық негіздері, модельдік құрылымдары және когнитивтік репрезентациясы» атты монографиясы баспаға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор М.Қ. Сүлейменов ғылыми кеңес мүшелерінен 6В04220 «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 1-курсында ақылы негізде білім алушы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған Заменова Кундыз Жолдасқызын 2026 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында №4 студенттер үйіне тегін орналастыруға рұқсат сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері 6В04220 «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Заменова Кундыз Жолдасқызын 2026 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында №4 студенттер үйіне тегін орналастыру туралы ұсынысты мақұлдап, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберуді ұсынып, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

6В04220 «Құқықтану» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Заменова Кундыз Жолдасқызын 2026 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында №4 студенттер үйіне тегін орналастыру туралы мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми кітапхана директоры Т.Е. Алимбекерова ғылыми кеңес мүшелеріне университет ғылыми кітапханасының «ЖОО кітапханаларының қауымдастығы» қоғамдық бірлестігіне жыл сайын мүшелікке өтетінін, Қауымдастықтың жоғары оқу орындары кітапханаларының дамуына ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсетіп, біліктілік арттыру курстары, конференциялар, семинарлар, кітапхана ісі сарапшыларын шақыру арқылы тренингтер, соның ішінде шетелдік әріптестерді шақыру арқылы оқытуды ұйымдастыра отырып, жоо-лар ғылыми кітапханаларына қолдау көрсетінін айта келе, университет ғылыми кітапханасының 2026 жылға ЖОО кітапханалары қауымдастығына кіруіне және осы қауымдастыққа кіру ақысы 5 000 (бес мың) тг. мен 50 000 (елу мың) тг. көлемінде жыл сайынғы мүшелік жарнаны қосқанда барлығы 55 000 (елу бес мың) тг. төлеуге рұқсат беруді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері университет кітапханасының 2026 жылы «ЖОО кітапханаларының қауымдастығы» қоғамдық бірлестігіне кіруіне және осы қауымдастыққа кіру ақысы 5 000 (бес мың) теңге мен 50 000 (елу мың) теңге көлемінде жыл сайынғы мүшелік жарнаны қосқанда барлығы 55 000 (елу бес мың) теңге кіру ақысы мен жылдық мүшелік жарна төлеуі жөніндегі мәселені мақұлдап, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберуді ұсынып, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Университет ғылыми кітапханасының 2026 жылы «ЖОО кітапханаларының қауымдастығы» қоғамдық бірлестігіне кіруіне және осы қауымдастыққа кіру ақысы 5 000 (бес мың) теңге мен 50 000 (елу мың) теңге көлемінде жыл сайынғы мүшелік жарнаны қосқанда барлығы 55 000 (елу бес мың) теңге кіру ақысы мен жылдық мүшелік жарна төлеуі жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми кітапхана директоры Т.Е. Алимбекерова ғылыми кеңес мүшелеріне университет ғылыми кітапханасының «Қазақстандық кітапханалық одақ» заңды тұлғалар бірлестігінің ИФЛА (IFLA) халықаралық кітапханалық федерациялар қауымдастығына мүше екенін және ресми қазақстандық өкіл болып табылатынын, сонымен қатар ҚҚО қызметінің нысаны Қазақстандағы кітапхана ісін дамыту мақсатында оның мүшелерінің жалпы мүдделерін қорғап, Қазақстан кітапханаларының әлемдік қауымдастыққа шоғырлануына ықпал ететінін айта келе, университет ғылыми кітапханасының осы Одаққа мүшелікке кіруіне және 5 айлық есептік көрсеткіш (2026 жылғы АЕК 4325 тг.) көлеміндегі 21 625 (жиырма бір мың алты жүз жиырма бес) теңге жылдық мүшелік жарна төлеуге рұқсат беруді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері университет кітапханасының 2026 жылы «Қазақстандық кітапханалық одақ» заңды тұлғалар бірлестігіне мүшелікке кіруіне және 5 айлық есептік көрсеткіш (2026 жылғы АЕК 4325 тг.) көлеміндегі 21 625 (жиырма бір мың алты жүз жиырма бес) теңге жылдық мүшелік жарна төлеуі жөніндегі мәселені мақұлдап, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберуді ұсынып, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

Университет ғылыми кітапханасының 2026 жылы «Қазақстандық кітапханалық одақ» заңды тұлғалар бірлестігіне мүшелікке кіруіне және 5 айлық есептік көрсеткіш (2026 жылғы АЕК 4325 тг.) көлеміндегі 21 625 (жиырма бір мың алты жүз жиырма бес) теңге жылдық мүшелік жарна төлеуі жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Математика мен физика мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы жетекшісінің м.а. Г.М.Айтенова ғылыми кеңес мүшелерінен 13.01.2026 жылғы №6-01(т)-190 бұйрықпен университетке Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен 7M01501 «Математика» білім беру бағдарламасына ауысып келген 1-курс магистранты Д.Б. Хамидуллинаның ЕҰУ-да «Техникалық мамандықтар бойынша мамандарды даярлау педагогикалық үдерісіндегі дифференциалдық теңдеулер негізіндегі математикалық модельдер» деп бекітілген магистрлік диссертациясының тақырыбын сақтай отырып, жаңа жетекші ретінде философия докторы (PhD), БҚУ қауымдастырылған профессоры (доцент) Г.М. Айтенованы тағайындауға рұқсат беруді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

7M01501 «Математика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты Д.Б. Хамидуллинаның магистрлік диссертациясының тақырыбын сақтай отырып, жаңа жетекші ретінде философия докторы (PhD), БҚУ қауымдастырылған профессоры (доцент) Г.М. Айтенова тағайындалсын.

Кеңес төрағасы:



Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы:



А.С.Ниетова

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің
2025 – 2026 оқу жылындағы**

қатысу парағы

29.01.2026 ж.

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысуы
1.	Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы	басқарма төрағасы-ректор	<i>Серғалиев</i>
2.	Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы	тарих ғылымдарының докторы, академик	<i>Рысбеков</i>
3.	Қайсағалиева Гүлжахан Смайылқызы	академиялық мәселелер бойынша проректор	<i>Қайсағалиева</i>
4.	Ахмеденов Қажымұрат Мақсотұлы	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор	<i>Ахмеденов</i>
5.	Сүлейменов Мерген Қуанышұлы	ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор	<i>Сүлейменов</i>
6.	Бекжанова Жадыра Мұратқызы	БҚО білім басқармасы мектеп бөлімінің басшысы	<i>Бекжанова</i>
7.	Хусаинов Мерғали Серғазыұлы	ардагерлер кеңесінің төрағасы	<i>Хусаинов</i>
8.	Ниегова Айгүл Серікқызы	ғылыми хатшы	<i>Ниегова</i>
9.	Қажиахметов Салауат Абайұлы	кәсіподақ ұйымының төрағасы	<i>Қажиахметов</i>
10.	Есенғалиева Алмагүл Нәсіпқалиқызы	физика-математика факультеті деканының м.а.	<i>Есенғалиева</i>
11.	Тұрғымбаев Ақан Асқарұлы	жаратылыстану-география факультетінің деканы	<i>Тұрғымбаев</i>
12.	Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы	педагогика факультетінің деканы	<i>Ерғалиева</i>
13.	Қажымова Қарлығаш Рахымқызы	мәдениет және өнер факультетінің деканы	<i>Қажымова</i>
14.	Ақболатов Айдарбек Ахметұлы	филология факультетінің деканы	<i>Ақболатов</i>
15.	Испулова Роза Нәбиқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	<i>Испулова</i>
16.	Искакова Балым Габбасқызы	экономика ғылымдарының кандидаты, доцент	<i>Искакова</i>
17.	Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	<i>Қыдыршаев</i>
18.	Кульжумиева Айман Амангелдіқызы	физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)	<i>Кульжумиева</i>
19.	Сагидуллаев Дарын Зайнуллаұлы	БҚУ жас ғалымдар кеңесінің төрағасы	<i>Сагидуллаев</i>
20.	Ибатова Айнара Айтқалиқызы	музыкалық білім беру бағдарламасы- ның 1-курс магистранты	<i>Ибатова</i>
21.	Нұрболат Нұржол Ерланұлы	физика-математика факультетінің 3-курс студенті, студенттік ректор	<i>Нұрболат</i>